

Зайсан ауданы Кеңсай ауылдық округінің Жарсу ауылына шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 13 маусымдағы № 1647 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 16 шілдеде № 2994 болып тіркелді. Күші жойылды - Зайсан ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 16 қыркүйектегі № 147 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Зайсан ауданы әкімдігінің 16.09.2013 № 147 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабы 1 тармағының 18) тармақшасын, «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10 бабы 2 тармағының 9) тармақшасын басшылыққа ала отырып және Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық инспекторының 2013 жылғы 9 сәуірдегі № 176 ұсынысы негізінде, Зайсан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Зайсан ауданы Кеңсай ауылдық округінің Жарсу ауылында ұсақ мүйізді малдар арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимі **б е л г і л е н с і н .**

2. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық министрлігі ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің Зайсан аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің басшысына (С.З. Қожекенов), «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің Зайсан ауданы бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысына (А. Комчибаева) тиісті іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Зайсан ауданы әкімінің орынбасары **Д. Тожыбаевқа** жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Зайсан ауданы әкімінің
міндетін атқарушы Д. Тожыбаев

Келісілді:

«Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылық министрлігі ветеринарлық
бақылау және қадағалау комитетінің
Зайсан аудандық аумақтық инспекциясы»
мемлекеттік мекемесінің басшысы С. Қожекенов
2013 жылғы « 14 » маусым

«Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрлігі мемлекеттік
санитарлық-эпидемиологиялық
қадағалау комитетінің Шығыс
Қазақстан облысы бойынша
департаментінің Зайсан ауданы
бойынша мемлекеттік санитарлық-
эпидемиологиялық қадағалау басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің басшысы А. Комчибаева
2013 жылғы « 14 » маусым